

ISSN1680-0761

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

М.ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ



ЗАПАДНО-КАЗАХСТАНСКИЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ИМ. М. УТЕМИСОВА



Ғылыми журнал

БҚМУ ХАБАРШЫСЫ ВЕСТНИК ЗКГУ

Научный журнал

Педагогика

Филология

Тарих

Биология және экология

Жер туралы ғылымдар

2019/
1

<http://wksu.kz>

- сұхбатқа жазбаша сұрақтар дайындау [5, 7 б.].

Мысалы: оқулықта берілген 42-жаттығуда көп нүктенің орнына *қ, з* әріптерінің тиістісін қойып, өлеңді көшіріп жазып, *к, з* дыбыстары туралы білетінін еске түсіру керек. Өлеңде *серік* сөзі қандай өзгеріске ұшырағанын айтулары керек [6, 58 б.]. Тек осы әріптерді ғана емес, тағы да басқа өзгеріске ұшырайтын әріптерді де ажыратуға байланысты тапсырмалар беріледі. Жазылым дағдысына арналған жаттығулар оқушылардың дұрыс, әрі қатесіз, көркем жазуына дағдыландырады. Көбінесе осындай әріптерден оқушылар шатасып жатады, сондықтан өзгеріске ұшырайтын әріптермен көбірек жұмыстанса, оқушыларымыз сауатты жазуға үйренеді.

Мұғалім оқулықтағы жаттығулармен шектеліп қалмай, балалардың коммуникативтік дағдыларын әрі қарай дамыту үшін қосымша тапсырмалар да берген жөн. Адамның күнделікті өмірі қарым-қатынас жасаудан тұратын белгілі. Оқушылардың сөздік қорының мол болуы, сауатты жаза алуы, тыңдағанын жеткізе білуі, қатесіз, мәнерлеп оқуы болашақта адамдармен қарым-қатынас жасағанда, қоғамдық орталарда үлкен септігін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы, 1998. – 509 б.
2. Қанаева А.Т. Спиральді білім беру бағдарламасы // Қазақ тілі және әдебиеті: әдістеме. – 2016. – №10. – Б. 6-7.
3. Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Нұр-Сұлтан, 2019. – 150 б.
4. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2006. – 380 б.
5. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптар үшін «Қазақ тілі» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы. – Алматы, 2016. – 34 б.
6. Жұмабаева Ә.Е., Уайсова Г.И., Сәдуақас Г.Т. Қазақ тілі. Жалпы білім беретін мектептің 2-сыныбына арналған оқулық. 2-бөлім. – Алматы: Атамұра, 2017. – 126 б.
7. Шааева А.А. «Бастауыш сынып оқушыларының жазу каллиграфиясын дамыту» // Бастауыш сынып. – 2016. – №6(74). – Б. 4-6.

Хасанова И.У., Биржан Н.С.

ЗАДАЧИ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА РЕЧИ УЧАЩИХСЯ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ

В статье рассматриваются способы, с помощью которых ученики начальной школы могут развивать свои речевые навыки. У каждого навыка есть свои задачи. Решение этой задачи будет способствовать развитию коммуникативных навыков учеников.

Ключевые слова: язык речи, коммуникативные навыки, аудирование, говорение, писание, чтение, спиральный принцип, метод прокрутки, обновленный учебный план, общение, языковое задание.

Khassanova I.U., Birzhan N.S.

TASKS FOR IMPROVING THE SPEECH SKILLS OF PRIMARY SCHOOL PUPILS

The article discusses ways in which elementary school pupils can develop their speech skills. Each skill has its own tasks. This task will develop pupils' communication skills.

Keywords: language of speech, communication skills, listening, speaking, writing, reading, spiral principle, scrolling method, updated curriculum, communication, language task.

ӘОЖ 371.64

Габдрахманова Ш.Т. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті

E-mail: appercia81@mail.ru

Касымова А.Х. – педагогика ғылымдарының
кандидаты,

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-
техникалық
университетінің доценті

E-mail: Kasimova_ah@mail.ru

Сағызова Г.Г. – М.Өтемісов атындағы БҚМУ
магистранты

E-mail: gulnur_20_88@mail.ru

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ – ЗАМАНАУИ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ

***Аңдатпа.** Мақала ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың білім беру үрдісіне (сабақ беру барысына) ықпалын және қашықтықтан оқытуды басқару жүйесін талқылайды. Мақала қашықтықтан оқытуды басқару жүйесін көрсету үшін оны нақты оқыту платформа нешінде түсіндіреді. Ол Moodle платформасы.*

Авторлар мақалада білім беру барысында қашықтықтан оқытудың қажеттілігін, әрі оны жүзеге асыру үшін технологияларды пайдалануда туындайтын қиындықтарды көрсетеді. Оқытушыларға (мұғалімдерге) технологияны меңгеруде жаңа, қосымша дағдыларды игеру үшін уақыт пен күш керек.

Тұтастай алғанда, заманауи технологияларды білім беру процесіне қолдану кадрларды даярлау сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

***Тірек сөздер:** ақпараттық-коммуникациялық технология, қашықтықтан оқыту, оқытуды басқару жүйесі, Moodle платформасы.*

Ақпараттық және коммуникациялық технологияның (АКТ) қоғамның барлық саласында қолданысқа енуі – қоғам өмірінде орын алған өзгерістерге себеп болды. Соның ішінде, білім беру саласына ақпараттық-коммуникациялық технологияның ықпалы соңғы он жылда қарқынды өскенін кез келген оқытушы сезінеді. Бұл «ықпалды» бір жағынан педагогика саласына жаңа «мүмкіндік» деп қарасақ, екінші жағынан оның «қиындықтар» туғызатыны да сөзсіз.

Ақпараттық – коммуникациялық технология білім беру саласы аясын кеңіткені рас. Олған дәлел білім беру саласын қашықтықтан оқыту мүмкіндігіне қол жеткізді. Егер жиырмасыншы ғасыр – өндірістің «қайнаған» кезі, білім беру күндізгі және сырттай оқыту форматтары арқылы жүзеге асырылып, сырттай бөлімде оқитындар азаматтар жұмыс орнынан арнайы рұқсат алып, институт, университет – оқу орындарына келіп оқитын болса, енді өндірістен қол үзілмей қашықтықтан оқыту (ҚО) мүмкіндігі бар. Оның нәтижесінде өндіріс пен оқу процесі қатар жүреді. Қашықтықтан оқыту – оқу процесін ұйымдастырудың бір формасы. Оқытудың бұл формасы – білім беру барысында қолданылатын әдіс-тәсілдерді түрлендіруді, оқушының талабына қарай бейімделуді, көптеген «құралдарды» қолдануды талап етеді [1, 15-16 б.]. Бұл «құралдар» толығырақ мақала барысында сипатталады.

Қашықтықтан оқыту - бұл күндізгі, сырттай және экстернат оқудың жаңа формасы. Ол дербес білім беру жүйесі болып саналады. Адамды оқыту мен

тәрбиелеуде қандай оқу түрі қолданылса, ол педагогика, педагогикалық психология, дидактика және жеке әдістердің жалпы заңдылықтарымен байланыста көрсетілуі керек.

Қашықтықтан оқыту - қашықтықтан сабақ беру мен тапсырмаларды орындауды қамтиды. Оқу процесінде мұғалім мен оқушы және оны қарым-қатынасты басқару әкімшілігі қатысады [2, 110, 117 б.]. Қашықтан оқыту формасын анықтайтын негізгі факторлар:

- 1) оқу материалдары оқушыға (студентке) қашықтықтан қол жетімді;
- 2) оқытушы мен студенттің қарым-қатынасы нақты құралдар арқылы жүзеге асады, айталық, оқу платформасы Moodle;
- 3) студенттер арасында өзара, курстың әкімшілігі мен студенттер арасында өзара қарым-қатынас;
- 4) студенттер өз үлгерімдерін өздері бақылай алады және тағы басқалар.

Біздің елімізде 2005 жылдан басында көптеген жоғары оқу орындарында (ЖОО) қашықтықтан оқыту бөлімдері ашылды [3]. Одан бергі уақытта қашықтықтан оқыту форматының өзіне көптеген өзгерістер енгізілуде. Егер осыдан 10 шақты жыл бұрынғы қашықтықтан оқыту форматын бүгінгі мүмкіндіктермен салыстырсақ, онда көптеген алға жылжуды байқауға болады. Яғни, түрлі инновациялық технологиялар педагогика саласына шексіз жаңалықтар енгізуде. Бұл дегеніміз сөзсіз «Білім Экономикасының» белгісі. Бір сөзбен айтқанда білімге негізделген экономика – технологиялар арқылы жүзеге аспақ.

Қашықтықтан оқытуды жүзеге асыру үшін оқытушы тер төгеді: видео материал әзірлейді, тақырыпқа сәйкес видео болған жағдайда, интернеттен алып, оны жөндеу керек, аудиозапись жасау, глосарий әзірлеу, әр тақырыпты бекіту үшін тест, немесе куиз, немесе сауалнама, ашық сұрақ әзірлеу, талқылауға сұрақтар дайындап, оны онлайн форум арқылы өткізу, студенттердің белсенділігін бақылау, бағалау және тағы басқа толып жатқан жұмыстар. Ал осы аталған жұмыстарды бірізділікке салу үшін оны басқару қажет. Оған қоса, студенттермен кері байланысты да ұйымдастыру керек. Біз сөзбен айтқанда, қашықтықтан оқыту процесін басқару. Сонымен, қашықтықтан оқытудағы *басты* мәселенің бірі – оқытуды басқару жүйесі. Бүкіл әлемде бұл түсінікті *Learning Management System (LMS)* деп атайды.

Біз осы мақалада ақпараттық – технологиялардың педагогика саласындағы рөлі мен маңызын негіздеу үшін - оқытуды басқару жүйесіне зерттеу жүргізіп, талдауды ұсынамыз.

Сонымен, мақаланың мақсаты – педагогика саласында заманауи технологияларды қолдану үшін оны *басқару жүйесін* зерттеу болып табылады. Біз желілік технология, яғни интернет арқылы басқарылатын жүйені талдамақпыз.

Бүгінде технологияның оқу процесіне ықпалы зор екенін кез келген оқытушы біледі. Технология интернет арқылы жеткізіледі. Сондықтан интернеттің рөлі өте зор. Интернет сабақ беру мен білім алудағы революция. Интернет арқылы оқыту мен білім алу (оқу) барысын тиімді басқаруға болады. Бұл басқаруды – оқытуды басқару жүйесі (LMS) деп атаймыз (жоғарыда айтып өттік) [4].

Осы оқытуды басқару жүйесін нақты түсіну үшін алдымен, зерттеу сұрақтарын анықтап алайық:

- 1) Оқыту жүйесін басқару дегеніміз не?
- 2) Неліктен бұл жүйені қолдануымыз керек?
- 3) Оқытуды басқару жүйесін қалай жүзеге асыруға болады?
- 4) Қандай мысал бар?

Оқыту жүйесін басқару дегеніміз не?

Біріншіден, осы түсінікке анықтама беру мақсатында көптеген ақпарат көздеріне іздеу жүргізу барында, сан түрлі материалдар табылғанымен, өкінішке орай, көбі орыс, ағылшын тілдерінде. Әйтседе, қазіргі кезде елімізде <https://e.edu.kz/> ресми сайты бар [5]. Бұл мемлекеттік жоба. Ол еліміздің білім беру саласын дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға мол мүмкіндік береді. Осы e-learning электрондық оқыту жүйесіне арналған сайтта, біз зерттеп отырған оқытуды басқару жүйесі берілген.

Сонымен, оқытуды басқару жүйесі – бағдарламалық қосымша. Ол онлайн курстарды басқару үшін арнайы әзірленген. Ол оқытушы мен оқушының арасындағы байланысты қамтамасыз етеді. Осы бағдарламалық қосымша арқылы курстың материалдары таратылады. Оқытуды басқару жүйесі – оқу процесін басқаруға, әкімшілік тұрғыдан бақылау жасауға, құжаттарды тіркеуге, қадағалауға, есеп беруді қамтамасыз етуге мол мүмкіндігі бар.

Бір сөзбен бұл жүйе оқыту (оқытушы тарапынан), білім алу (оқушы тарапынан) және университет (немесе кел келген ЖОО) басшылығының қарым-қатынасын реттеуге мүмкіндік береді. Атап айтсақ, оқыту процесін

- Орталықтандыру, автоматтандыру;
- Өзін өзі басқару қызметі;
- Оқыту материалдарын жинақтау, жедел жеткізу;
- Оқыту процесіндегі стандарттарды қадағалау;
- Оқу материалдарын кез келген уақытта қолдану мүмкіндігіне қол жеткізу.

Қорыта айтқанда, оқытуды басқару жүйесі – оқу процесін ұйымдастыру жеңілдетеді.

Осы жүйе арқылы қандай мүмкіндіктер бар, айталық:

- Материалдарды жүктеу және олармен бөлісу (оқытушы);
- Онлайн форум және сұхбат жүргізу (оқытушы мен оқушылар, оқушылар арасында өзара);
- Сауалнама жүргізу - куиз (quiz);
- Тапсырмаларды жинау, оларды рецензиялау, шолу;
- Баға қою.

Осы берілген құралдарға түсініктеме беретін болсақ. Білім беру жүйесі қашықтықтан оқыту (онлайн жүйесі болсын) курстың жүргізуші оқытушы, инструктор деп аталады.

Кесте 1 – Оқыту басқару жүйесінің мүмкіндіктері (құралдары)

Атауы	Түсініктеме
Материалдарды жүктеу және олармен бөлісу	Инструктор (оқытушы) курстың силлабусын, лекцияның қысқаша нұсқасын, видео материалдары, оқуға арналған материалдарды (оқулықтарды); мақалаларды; видео презентацияларды платформаға жүктейді және студенттер (немесе курсқа біркелген кез келген оқушы) аталмыш материалдарды өздеріне жүктеп алуға мүмкіндігі бар, яғни студент керекті материалын жүктеп алады.
Форум мен сұхбат жүргізу (чат)	Онлайн форум мен сұхбат – коммуникацияның басты құралдарының бірі. Бұл қашықтықтан оқыту шеңберінде студенттердің бас қосуына арналған негізгі құрал. Студенттер форумды пайдалана отырып, уақытты белгілей алады, бір біріне сұрақ қойып, жауап алады. Пікіргалас жүргізеді, чат

	арқылы тез және оңай байланыс жасайды.
Сауалнама - куиз (Quizzes)	Материалды оқығаннан немесе бейнежазбаны көргеннен кейін студент бірден өзінің қалай түсіндігін білу үшін – өзін өзі бағалай алады. Ол үшін арнайы онлайн сұрақтарға жауап береді. Бұл сұрақтар: викторина, куиз болуы мүмкін. Егер студент қажетті ұпай жинай алмаса, онда қайтадан материалдары оқып, видео материалды қайтадан көріп, сұрақтарға тағы да жауап бере алады. Онлайн викториналар, сауалнама, сұрақтар - кері байланыс алудың ең оңай жолы. Оған қоса, оқытушы сұрақтар тізімі арқылы тестілер жинағын толтыруға мүмкіндік алады.
Тапсырмаларды жинау, оларды рецензиялау, шолу	Тапсырмаларды онлайн режимде ұсыну, оқушылардың білімін тез әрі оңай бағалау жолы. Зерттеу жұмыстары – студенттер өздерін бағалай алатындығын, және бір бірімен бөлісе алатындығын көрсетеді.
Студенттердің алған бағасын жазу	Бағаны онлайн режимде қою «бір оқпен екі қоянды аулауды» білдіреді. Студенттердің бағасы әрбір тапсырманы орындаған сайын, жаңартылып отырады. Студенттің бағасын оқытушы көре алады. Баға басқа студенттерге көрінбейді. Курс аяқталған соң, оқытушы бағаларды жүйеленген түрде Excel файлға жүктеп алады.

Сонымен, оқытуды басқару жүйесінің ерекшелігі сол – барлық құралдарды бірге пайдалануға болады:

- Оқыту мақсаты әрбір сабаққа тікелей байланыста;
- Әрбір сабақ стандартталған оқу жоспарына негізделген;
- Курсты аяқтаған соң студенттер өз деңгейін бағалай алады.

Недіктен бұл жүйені қолдануымыз керек?

Бұл сұраққа нақты бір ғана жауап жоқ екені рас. Себебі, соңғы 500 жыл бойы оқытушы сабақты сыныптағы тақта мен бор арқылы өткізіп келді. Кітаптар, оқулықтар – оларды басып шығару шығындарын азайтуға мүмкіндік туғызған компьютер мен интернет. Сондықтан осы мүмкіндіктерді неге қолданбасқа?

Интернет мүмкіндігі технологияларды қолданысқа енгізіп, өмірде пайдалануға үлкен жол ашты. Осы технология арқылы қазіргі таңда білім беру жүйесі дәстүрлі форматтан онлайн форматта білім алу, аралас түрде оқыту (blended learning), және түрлері нақты өмірде қолданылуда. Мәселен, онлайн форматта білім алуға арналған 50ден астам оқыту платформалары бар. Ондай платформаларды МООС деп атайды [6]: massive open online courses. Бүгінде бұл термин де біздің қолданысқа кеңінен еніп келеді. Олардың қатарында айталық:

- www.coursera.com
- www.edx.com
- www.khanacademy.com
- www.udemy.com
- және www.youtube.com

Сонымен, оқытуды басқару жүйесін қолданудың бірқатар себептерін келтіре кетсек:

Кесте 2 – Оқытуды басқару жүйесін қолдану себептері

	Қандай мақсатта	Түсініктеме
1	Студент тарапынан сұраныс	Технология оқытушыны толықтай ауыстыру мүмкін емес. Алайда бүгінгі таңда оқушылардың ақпарат алуға мүмкіндіктері кең екенін ескеру керек. Олар интернетті шолып, өздеріне қажетті ақпарат алады. Ол үшін оқытушының қажеті жоқ. Дегенмен, оқушы өзінің дұрыс білім алғандығын тексере алмайды. Сондықтан курсты оқытушы әзірлеу барысында белгілі бір логикалық тізбектілікке әкеледі. Қажетті материалдарды құрастырады. Және материалдарды онлайн режимге жүктеп, студенттерге қадағалау жасай алады.
2	Студенттің кестесі	Бүгінгі таңда көптеген студенттер жұмыс жасайды. Өз оқу ақыларын өздері төлейді. Сондықтан күнделікті сабаққа қатысу мүмкіндіктері аз. Ал платформада оқытушы жүктеген материал тәулігіне 24 сағат қол жетімді. Студент оқытушыға өзіне түсініксіз болған материалдар бойынша сұрақ қалдыра алады. Студент тарапынан ескерілетін мәселе, ол тапсырманы уақтылы тапсыру қажеттілігі.
3	Ең жақсы курстар	Оқытуды басқару жүйесін қолдану арқылы оқытушы курстың мазмұнын жақсартуға алады. Себебі, оқытушы сыныпта өткізетін уақытын тиімді пайдалануына болады. Сонымен бірге, студенттер пікірін біліп (онлайн сауалнама жүргізу арқылы), оқытушы курстың «кемшілігін» азайтуға қол жеткізеді, яғни әдістемелік тұрғыдан да сапаны көтеруге мүмкіндік болады.

Оқытуды басқару жүйесін қалай жүзеге асыруға болады?

Басты сұрақ: оқытуды басқару жүйесі оқыту процесін қалайша жақсартуға алады: бірқатар жауаптарды қарастыруға болады:

1) Оқыту мақсаты (learning objectives / teaching aim) білім беру барысында маңызы зор. Оқыту мақсаты – силлабуспен, оның құрылымымен, тапсырмалармен тікелей байланыста. Осы жүйені пайдалану арқылы оқытушы өз әдістемесіне түрлі әдістерді қоса алады.

2) Оқытуды басқару жүйесі оқушыны тікелей платформадағы оқу ресурстарының (оқулықтар, подкасттар, веб-қосымшалар, бейнелер, электронды кітаптар, презентациялар, дәрістер) қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

3) Оқытуды басқару жүйесі студентке өз еркіне, уақытына қарай ыңғайлы кезде оқуға мүмкіндік береді. Және студент өзінің жетістігін де бағалай алады. Ал оқытушы өзінің жеке аудио жазбасын дайындай алады. Бұл бір материалды қайталай бергеннен, оны бір рет жазып, платформаға жүктеу, оқытушы жұмысын жеңілдетеді.

4) Оқу процесін ұйымдастыруға және жақсартуға көмектесетін келесі маңызды элемент – оқушының нәтижесін білуге мүдделі тұлғаларға (оқытушылар, ата-аналар, декандар қызметкерлері және студенттер) ақпараттың қол жетімділігі.

5) Зерттеулер студент білімін 60%-ына оқытушылардың үлес қосатынын дәлелдеген. Оқытушы курсқа қажетті материалды анықтайды, студентке қажетті біліктілік деңгейін анықтап, соған байланысты тапсырмалар деңгейін де белгілейді.

Қандай мысал бар?

Қазірде оқытуды басқару жүйесі платформалары бар: олардың жалпы шамамен 350. Солардың ішінен бастапқы 20сын көрсетейік:

- 1) Moodle;
- 2) Edmodo;
- 3) Blackboard;
- 4) SumTotal Systems;
- 5) Skill soft;
- 6) Cornerstone;
- 7) Desire2Learn;
- 8) Schoology;
- 9) NetDimensions;
- 10) Coolaborize Classroom;
- 11) Success Factors;
- 12) WizlQ Inc;
- 13) Infrastructure;
- 14) Bright Space;
- 15) Cypher Learning;
- 16) Latitude Learning;
- 17) Educadium;
- 18) eFront;
- 19) Digital Chalk;
- 20) Litmos.

Елімізде көптеген ЖОО-ы Moodle платформасын таңдайды.

Сонымен, қашықтықтан оқыту жүйесінің негізгі мақсаты – жеке адамды интеллектуалды дамыту, ақпаратпен жұмыс жасай білуге үйрету және оның ерекшелігі – ол өзіндік оқыту жүйесіне жатады деп қорытындылай аламыз.

Мақаланың басында ақпараттық-коммуникациялық технологияны педагогика саласына мүмкіндік ретінде бірқатар ойымызбен бөлістік, және оның «қиындықтары» туралы да сөз қозғадық. Қиындығы сол – әр оқытушы аудиожазба, видео материал әзірлеп үйрену керек. Онлайн сауалнама жүргізу құралдарын да жетік меңгеруі керек. Сонда оқытушы екі түрлі маман болып әзірленеді:

- біріншіден, курстың мазмұнын жақсы меңгеру;
- екіншіден, курсты қалай әзірлеп, студентке (тыңдаушыға) жеткізе білуі (технологияларды пайдалану арқылы).

Әйтседе, бұдан педагогикалық жүйенің ешбір мәні өзгермейді. Тек айырмашылық – оқытушы мен оқушының арасындағы алшақтық. Бұл жүйеде басқа білім беру жүйесіндегі сияқты барлық компоненттер қарастырылады (мақсат, тапсырмалар, мазмұны, әдісі, оқыту құралдары), бірақ олар арнайы интернет- технология құралдары арқылы жүзеге асады.

Әдебиеттер:

1. Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании: учебное пособие для вузов. – М.: Издательский центр Академия, 2010. – 184 с.
2. Положенцева И.В. Применение современных методик дистанционного обучения в отечественном образовательном пространстве // Интернет-журнал «Мир науки». – 2016. – Том 4. – № 6 (ноябрь - декабрь). – <https://mir-nauki.com/PDF/33PDMN616.pdf> Пайдаланған уақыты: 24.04.2018 ж.
3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – <http://adilet.zan.kz/> Пайдаланған уақыты: 24.04.2018 ж.